

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Тақырыбы: Түркі халықтарына ортақ біздің заманымызға дейінгі дәуірлердегі аңыздар-әңгімелер

Орындаған: Рахматулла Г.
Қабылдаған: Алтынбеков Қ.

ЖОСПАР:

1. Ежелгі дәуірлердегі түркі халықтарының тарихы, мәдениеті.
2. Біздің заманымызға дейінгі дәуірлердегі (ҮІІ –ІҮғғ.) сақ, ғұндарға қатысты аңыз әңгімелер, жазбалар.



Қазақ әдебиет тарихы ерте замандарда бастау алады. Талай даму кезеңдерін өткізді. Қазақ әдебиетін тереңдей білу үшін халықтың өткен тарихын білуіміз керек. Қазақ жеке өз алдына халық болып қалыптасқанға дейінгі әдебиет үлгілері біз үшін жат емес. Қазақ, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түрікмен, татар, ұйғыр т.б. түрлі тілдес халықтардың құрамына енген ру-тайпалар аралас-құрамдас отырып өмір кешкен, тығыз экономикалық, әлеуметтік, мәдени байланыста болған. Сондықтан да түркі халықтарының ежелгі дәуірлердегі әдебиет үлгілері ортақ болып саналады.



Сақтар туралы Геродоттың (б.з.д Ү ғ. өмір сурген) «Тарих» атты, қытайлық Сыма-цияньның «Жылнама», Бань-Гудің «Ханнама» атты кітаптарында жазылған. Сақтар көне гректермен мәдени, сауда, қарым-қатынастар орнатып отырған. Көне Грециядағы жеті ғұламаның бірі Анахарсис – көшпелі скифтер ұлы.



Сақтардың 26 әріптен тұратын өз жазуы болған. Есік қаласы маңынан табылған Алтын адам жанындағы күміс тостағандағы жазуда былай делінген: "Аға, саңа оғуқ! Без чөк! Бүкүн ічіре азуқ. Аудармасы: «Аға саған бұл ошақ! Ошағынан безгендер, тізенді бүк! Халықта азық-түлік мол болғай». Бұдан басқа да жазулар аз болмаған болу керек. Түркі халықтарының ежелгі мәдениетінде, наным-сенімдерінде ортақ құбылыстар аз емес. Қазақ халқын құраған рулар - қаңлылар зоростар дініне сеніп ай мен күнге және отқа табынған.



Ғалымдардың пікірінше, Зороастр дінін негізін қалаған Заратуштра – көшпелі Азия даласының ұлы, Еділдің шығыс жағын мекендеген тайпаларынан шыққан (Ә.Марғұлан (1985), М.Дүйсенов (1986), Н.Мыңжан (1994.), А.Қыраубайқызы (2001). Зороастр дінінің қасиетті кітабы – «Авеста». "Авеста" б.з. д. YI ғ. хатқа түскен Иранның қасиетті кітабы деп айтылады.. «Авестаның» тілінің қай тілге жататыны жөнінде пікірлер әртүрлі. Тілі көне парсы, үнді (санскрит) тілдеріне жақындығы айтылады. Жазылғанға дейін ауызша тараған. Зерттеушілердің біразы Шығыс Иран жеріндегі скиф, сақ тайпалары тілінде жазылған деген пікір айтады. Зороастр діні б..з.б. YI ғасырдан біздің заманымыздағы YI ғасырға, яғни ислам діні кең тарағанға дейін Таяу және Орта Шығыстағы мемлекеттердің діні болып келді. Ғалым А.Қыраубайқызы бұл дінінің көріністері қазақтың салт-дәстүрлерінде біраз сақталған дей келіп, оған дәлелді деректер келтіреді.



Зороастр дінін ұстанушылар су мен отты ерекше қастерлеген. Отқа май құю, кінәлі адамды анықтау үшін екі оттын арасынан өткізуі, екі оттын ортасында қалдым деуі сол ежелгі танымының көріністері. Белгілі ғалым А. Машанов қазақтың қазыналы тілінің тамыры теренде дей келіп, «Авестаны» Орта Азия, Кавказ, Үнді елдерін мекендеген халықтарының ауызша әдебитінің жинағы деуге болады деген пікір айтады. Ұмай Авестада – Гумайа. Ол – қадірлі ана. Жер, су ұғымында да қолданылатын өсіп өну, көбею анасы, ошақ иесі ретінде қолданады.



Ежелгі адамдар тілінде алғашқы айшықты бейнелі сөздер аспан денелерінің нышандары от, су болған. Бұл ҮІІ ғ. Күлтегін, жырларында да байқалады. Әруақтарға арнап иіс қылуы. Өлген жандардын астына шөп тастауы оның жаны шөпке айналады деп түсініктен шығады.



"Қасиетті ағаш". Ағаш төтемінің шығуы адам жанының шөпке айналуы түсінігімен байланысы. Киелі ағаштарға жіп байлау бақыт әкеледі, ауру сырқаудан қорғап, өмір жасын ұзартады деп түсінген. Ертегілердегі бәйтерек, т.б...



Қорыта айтқанда табиғат туралы ескі анимистік пәлсафа ағаш культін тудырды. Кейбір мифтер бойынша кей ағашта өлген әулиенің рухы болады. "Аң асыраған бала" оқиғасының көк бөрі туралы аңыздан көрінуі.

Төтемдік аңыздар. (Мыңжан Н. 1994-1995, Жұртбай.Т «Дулыға». 1994 ж.)

